

Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы
Қостанай академиясы

А.Н. Медведева, А.М. Сағалиева

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ
БОЙЫНША
ТАПСЫРМА ЖИНАҒЫ**

Оқу-тәжірибелік құрал

Қостанай, 2021

УДК
ББК
Г

Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы Ғылыми кеңесімен жариялауға ұсынылады

Рецензенттер:

К.К. Мажикенов – Қостанай облысы Полиция департаментінің жергілікті полиция қызметі бастығының орынбасары, полиция подполковнигі

М.Х. Шалгимбаев – Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы қылмыстық, қылмыстық-атқару құқық және криминология кафедраның бастығы, полиция полковнигі

А.Н.Медведева, А.М. Сағалиева Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бойынша тапсырма жинағы / А.Н. Медведева, А.М. Сағалиева. Қостанай: Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы, 2021. – 114 б.

ISBN

Бұл жинақ «Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы» курсы бойынша сабақтарды өткізу үшін арналған. Жинақтың басты мақсаты білім алушылардың нормативтік құқықтық базаға бағдарлану дағдыларын және қабілеттерін қалыптастыру, ұсынылған жағдайларды сауатты және тиімді шешу.

Мазмұны:

Қысқартулар мен түсіндірмелер.....	5
Алғы сөз.....	6
ТАҚЫРЫП 1: БАСҚАРУ, МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ, АТҚАРУ БИЛГІ. ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҢ БІР САЛАСЫ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМЫ РЕТІНДЕ. ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚТЫҢ ПӘНІ, ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ ӘДІСІ.....	8
ТАҚЫРЫП 2: ӘКІМШІЛІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУДІҢ МЕХАНИЗМІ. МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУДЫҢ ТҮСІНІГІ, ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ӘДІСТЕРІ.....	11
ТАҚЫРЫП 3: АТҚАРУШЫ БИЛІК ОРГАНДАРЫ ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚТЫҢ СУБЪЕКТІЛЕРІ РЕТІНДЕ.....	15
ТАҚЫРЫП 4: МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚТЫҢ СУБЪЕКТІЛЕРІ РЕТІНДЕ.....	18
ТАҚЫРЫП 5: ЖЕКЕ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАР.....	21
ТАҚЫРЫП 6-8: ӘКІМШІЛІК МӘЖБҮРЛЕУ. ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРТІП.....	26
ТАҚЫРЫП 9: ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ЖАУАПКЕРШІЛІК.....	29
ТАҚЫРЫП 10: ӘКІМШІЛІК ТӨЛЕУ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ ӘСЕР ЕТУДІҢ ШАРАЛАРЫ.....	32
ТАҚЫРЫП 11: ТҰЛҒАНЫҢ ЖӘНЕ КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫНА, КӘСІПКЕРЛІКТЕГІ МЕНШІККЕ, САУДАҒА ЖӘНЕ ҚАРАЖАТҚА ҚОЛ СҰҒАТЫН ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР. ЖОЛ ШАУАШЫЛЫҒЫ КӨЛІГІНДЕГІ ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ.....	36
ТАҚЫРЫП 12-14: ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ, ҚОҒАМДЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІККЕ ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫНА, ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІБІНЕ ЖӘНЕ АДАМГЕРШІЛІККЕ ҚОЛ СҰҒАТЫН	

ТАБИҒАТ РЕСУРСТАРЫН ҚОЛДАНУ САЛАДАҒЫ ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР. ҚР МЕМЛЕКЕТТІК ШЕКАРАСЫН, ҚР АУМАҒЫНДА БОЛУ ТӘРТІБІН, МЕМЛЕКЕТТІК БІЛІК ИНСТИТУТЫН БҰЗАТЫН ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР. ӘКІМШІЛІК ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР 40

ТАҚЫРЫП 15: БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ ЗАҢДЫЛЫҚ. МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУДАҒЫ ЗАҢДЫЛЫҚТЫ ЖӘНЕ ТӘРТІПТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ТӘСІЛДЕРІ..... 44

ТАҚЫРЫП 16: ӘКІМШІЛІК ПРОЦЕСС. ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТ. ӘКІМШІЛІК ЮРИСДИКЦИЯ 47

ТАҚЫРЫП 17-19: ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР ІСТЕРІ ЖӨНІНДЕГІ МІНДЕТТЕРІ, ТӘРТІБІ ЖӘНЕ СУБЪЕКТІЛЕРІ. ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР ІСТЕРІ БОЙЫНША ӨНДІРІСТІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ КЕЗЕНДЕРІ. ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР ІСТЕРІ ЖӨНІНДЕГІ ҚАУЛЫНЫ ҚАЙТА ҚАРАСТЫРУ ТӘРТІБІ. ӘКІМШІЛІК ТӨЛЕУ САЛУ БОЙЫНША ҚАУЛЫНЫ ОРЫНДАУЫ..... 50

ТАҚЫРЫП 20-22: ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ БАСҚАРУ. ҚОРҒАНУДЫ БАСҚАРУ. ІШКІ ІСТЕР САЛАСЫНДАҒЫ БАСҚАРУ. БІЛІМ БЕРУДІ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМДЫ БАСҚАРУ. МӘДЕНИЕТТІ ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҚТЫ САҚТАУДЫ БАСҚАРУ 55

Қысқартулар мен түсіндірмелер

ІМ – Ішкі істер министрлігі
ҚР – Қазақстан Республикасы
АЕК – айлық есептік көрсеткіш
ҚРӘҚБК – Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық
бұзушылық туралы кодексі
ӘМ - Әділет министрлігі
УПИ – учаскелік полиция инспекторы
ІО – Ішкі істер органдары
ЖПҚ – жергілікті полиция қызметі
ПБ – Полиция басқармасы
ПП – Патрульдік полициясы
ПД – Полиция департаменті

Алғы сөз

«Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы» мемлекеттік басқару негіздерін зерделеуді көздейтін міндетті негізгі пән болып табылады.

Пәннің мақсаты – білім алушыларға мемлекеттік билік атқарушы органдарының қызметін ұйымдастыру және олардың қызметі туралы, қоғамдық қатынастардың қатысушыларына императивті әсер етуінің түрлері мен әдістері туралы қажетті білімдермен қамтамасыз ету және әкімшілік-құқықтық қатынастар жағдайында мемлекет, азаматтар мен ұйымдар арасындағы қарым-қатынастың ерекшеліктері туралы, сондай-ақ әрі қарай тәжірибелік қызмет үшін қажетті білім мен дағдыларды қалыптастыру. Курсанттарға мемлекеттік биліктің атқарушы органдардың қызметі және құрылымы туралы, қоғамдық қатынастарға императивті түрде ықпал етуі, мемлекет арасындағы байланыстың ерекшелігі, әкімшілік құқықбұзушылық туындаған кезде ұйымдармен азаматтар арасындағы байланыс және де қызмет үшін қажетті білім мөлшерін беру.

Пәнді оқып-үйренудің шарттарының бірі - тәжірибелік жағдайлық тапсырмаларды шешуге негізделген тәжірибелік сабақтарды өткізу, білім алушылардың қалыптасқан жағдайды білуге, заңға және барлық құқық бұзушылықтар үшін нөлдік төзімділік қағидасын сақтауға мүмкіндік беретін тәжірибелік жаттығулары болып табылады. Тәжірибелік кіріспе тапсырмаларды пайдалануы ішкі іс-жүргізулерді оқыту кезеңіне барынша жақын болуға мүмкіндік береді.

Жинақта 143 мәселелі жағдайлармен тапсырмалар жинақталған, теориялық білімді бекіту, әкімшілік заңнаманы оңай меңгеруіне көмектесу, нормативтік құқықтық актілермен дұрыс қолдану, сондай-ақ курсанттарды атқарушы билік органдарының, олардың лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттерінің негізгі нысандары мен әдістерімен таныстыру, әкімшілік құқықтың осы институттарын тәжірибелік іске асыру идеясын қалыптастыру негізгі мақсаттары болып табылады.

Тәжірибелік тапсырмаларды шешу кезінде білім алушылар алдымен кодифицияланған заңнамаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларына және әкімшілік-процессуалдық іс-шараларды жүргізу механизмін реттейтін ведомстволық нормативтерге сүйене отырып тапсырмаларды орындайды. Білім алушылардан тапсырмадағы мән-жайларды терең зерттеу және мәселелерді анықтап түсіну талап етіледі. Сұрақтың шешімі қойылған мәселеге тікелей қатысты бағытталуы керек. Шешім мен тұжырым сөздері: «Қазақстан

Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің ... бабына сәйкес. ...», «Қолданыстағы заңға сәйкес ...» сөздерімен басталу керек. Білім алушылардың жеке ой-пікірлері және оның мәселедегі жағдайға деген көзқарасы шешуге негіз бола алмайды. Оқытушы бүкіл аудиториямен білім алушылардың жауаптарын мұқият тыңдап, оны бағалауы керек, басқа курсанттарға мәселенің басқа шешімдерді айтуға және іс-әрекеттерге түсініктеме беріп, білім алушылардың білімін бағалауға уақыт бөлуі қажет.

Осылайша, тәжірибелік жағдайлардың шешу тақырыптарды терең түсіну, сондай-ақ, әкімшілік-құқықтық пәндерді зерделеу үшін қажет теориялық білімдерді нығайту мақсатында қол жеткізуге мүмкіндік береді.

ТАҚЫРЫП 1: БАСҚАРУ, МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ, АТҚАРУ БИЛІГІ. ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҢ БІР САЛАСЫ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМЫ РЕТІНДЕ. ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚТЫҢ ПӘНІ, ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ ӘДІСІ

№ 1 Тапсырма

Төменде көрсетілген тізімдегілердің қайсысы әкімшілік құқық субъектісін анықтаңыз:

- әкімшілік;
- Денсаулық сақтау министрлігі;
- ҚР ИМ;
- прокуратура;
- кітапхана директоры;
- Үкімет;
- студент;
- Білім және ғылым министрлігі;
- курсант.

Жауапты дәлелденіз.

№ 2 Тапсырма

Әкімшілік құқықтың қайнар көздеріне анықтама беріңіз. Келесі формадағы әкімшілік құқық қайнар көздеріне мысал келтіріңіз:

- заң;
- қаулы;
- тапсырмалар;
- нұсқаулар;
- бұйрық.

Осы әкімшілік құқық қайнар көздерінің маңыздылығын атап көрсетіңіз? ҚР-ның әкімшілік құқығының қайнар көзі болып табылатын бес нормативтік құқықтық актіні атаңыз.

№ 3 Тапсырма

Қандай мемлекеттік органдар және лауазымды тұлғалар келесі формадағы нормативтік құқықтық актілерді шығара алады:

- заң;
- нұсқау;
- кодекс;
- қаулы;
- тапсырма;
- бұйрық;

- нұсқаулық.

№ 4 Тапсырма

Курсант Сыздыков «Әкімшілік құқық» пәні бойынша қойылған сұрақтар бойынша реферат дайындады:

А) «әкімшілік құқық» және «әкімшілік заңнама» ұғымдары сәйкес келеме;

Б) «әкімшілік құқық пәні» және «әкімшілік құқықтың ғылыми пәні» ұғымдары сәйкес келеме;

В) «әкімшілік құқық әдістері» және «әкімшілік-құқықтық қарым-қатынастарды реттеу әдістері»; - ол бұл бір нәрсе, деп жауап берді.

Курсант Сыздыковтың жауабына баға беріңіз?

№ 5 Тапсырма

Курсант Маханов курстық жұмыста әкімшілік құқық әдістерінің мәнін келтірді:

- белгілі бір іс-қимыл тізбегін орнату;
- тиісті заңды әсер ету құралдарын пайдаланудан қорқу арқылы белгілі бір әрекеттерге тыйым салу;
- дұрыс мінез-құлықты таңдауды қамтамасыз ету;
- өз қалауы бойынша әрекет етуге (немесе әрекетсіздікке) мүмкіндік беру.

Бірақ, әр бағыт бойынша тәжірбиелік мысалдар келтіру қиынға соқты.

Бұл тапсырманы сіз орындап көріңіз.

№ 6 Тапсырма

Тәжірбиелік сабақта әкімшілік құқық әдістерінің мәнін анықтау барысында курсант Ахметов әкімшілік құқықты бір нақты әдістік - билік туралы ережеге тән екенін және тек осы әдіспен ғана әкімшілік құқық саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейтінін және әкімшілік құқықтағы басқа әдістер қолданылмайтынын атап өтті.

Курсант Ахметовтың жауабына баға беріңіз.

№ 7 Тапсырма

Қостанай қаласының әкімдігі «Қаладағы санитарлық жағдайды жақсарту және жетілдіру шаралары туралы» қаулы қабылдады, онда қаладағы жетілдіру ережелерін бұзғаны үшін, сондай-ақ оларға тазалық пен тәртіпті сақтамағаны үшін азаматтарға әкімшілік айыппұл түрінде санкция салынуы мүмкін (15 АЕК). Ал ерекше жағдайларда - 15 тәулікке дейін әкімшілік қамауға алу түріндегі жаза қолданылады.

Оқу-жаттығу барысында курсант Ибраева аталған бұйрықты талдап, бұйрықты заңсыз деп түсіндірді, себебі ҚР ӘҚБЖ-ге сәйкес, тек судья ғана әкімшілік қамауға алу түрінде сөгіс енгізе алады.

Қабылданған нормативтік құқықтық актіге құқықтық баға беріңіз.

Ибраеваның жауабында қандай қате анықталды?

№ 8 Тапсырма

Әкімшілік құқық белгілерінің салыстыру кестесіне азаматтық құқықтың, конституциялық құқықтың, қылмыстық құқықтың белгілерін толтырып жазыңыз.

	Әкімшілік құқықтың... айырмашылығы	Әкімшілік құқықпен... ұқсастығы
1. Реттеу пәні		
2. Реттеу әдісі		
3. Құқық субъектілері		
4. Құқық қағидалары		
5. Құқық қайнар көздері		
6. Негізгі институттар/филиалдар		
7. Басқа белгілер		

№ 9 Тапсырма

Бүгінгі күні басқарудың үш түрі бар: техникалық, биологиялық және әлеуметтік. Әрбір түрдің мәнін түсіндіріп, олардың айырмашылықтарын көрсетіңіз. Әр қайсысына мысалдар келтіріңіз.

Басқару мен заңның үш түрінің әрқайсысы арасында байланыс бар ма? Жауапты нақты мысалдармен дәлелдеңіз.

№ 10 Тапсырма

ҚР Конституциясының 3-бабы «... Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік билік заң, атқарушы және сотқа бөліну негізінде жүзеге асырылады» деп көрсетіледі.

Бұл мемлекеттік биліктің үш тармағы бір-бірінен тәуелсіз дегенді білдіре ме? Жауапты ҚР Конституциясының нақты баптарына сілтеме жасау арқылы дәлелдеңіз.

ТАҚЫРЫП 2: ӘКІМШІЛІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУДІҢ МЕХАНИЗМІ. МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУДЫҢ ТҮСІНІГІ, ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ӘДІСТЕРІ

№ 1 Тапсырма

Келесі құқықтық нормаларды түрлері бойынша жіктеу және әрбір ереженің құрылымын анықтау қажет: гипотезаны, диспозицияны және санкцияларды көрсетіңіз.

✓ Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша мынадай дәлелдеулер жатады: әкімшілік құқық бұзушылық істің болуы.

✓ ҚР идеологиялық және саяси әр-алуандылықты таниды. Мемлекеттік институттарды біріктіруге, саяси партиялардың ұйымдарының мемлекеттік органдарында құрылуға жол берілмейді.

✓ Өтініш жазбаша түрде беріледі және дереу қарауға жатады.

✓ ҚР-ның Президенті Конституция мен заңдардың негізінде және Республика аумағында міндетті болып табылатын қаулылар мен өкімдер шығарады.

№ 2 Тапсырма

Әкімшілік құқық нормаларының ерекше көрінісі қатаң түрде (императивтілік) болып табылады. Әкімшілік құқық нормаларының императивтіліктің мәнін ашып, практикалық мысалдар мен растаңыз.

№ 3 Тапсырма

«Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқығы» пәні бойынша нормативтік құқықтық актілерді талдау негізінде келесі әкімшілік-құқықтық нормалардың екі мысалын келтіріңіз:

- ✓ Міндеттейтін;
- ✓ Тиымсалатын;
- ✓ Ұсынылатын;
- ✓ Рұқсатетілетін;
- ✓ Материалдық және процессуалдық.

№ 4 Тапсырма

Әкімшілік-құқықтық нормалардың жіктелуін сипаты бойынша (әкімшілік қатынастарға қатысушылардың әсер ету әдісі) ашып, курсант Ильясов келесі нормалар тобын атады: тыйым салатын; материалдық; міндетті; процедуралық; рұқсат беретін; ынталандырушы; шұғыл деп бөлді.

*Курсант Ильясов категорияларды дұрыс түрде жіктедіме?
Сіздің пікіріңіз қандай?*

№ 5 Тапсырма

Аудандық полиция инспекторы Ибраевтың жанұясында ұлы Данияр 18 жасқа толды. Ибраевтың қызы қыз босанды, есімін Лаура деп қоятын болып шешті. Ибраевтың әйелі конкурс бойынша жергілікті полиция қызметіне кәметке толмағандардың істері бойынша аудандық полиция инспекторы болып тағайындалды. 10 күн өткеннен кейін аудандық полиция инспекторы Ибраевқа телефон арқылы жазғы үйі (дача) өртеніп кеткені туралы хабарланды.

Осы тапсырмада көрсетілген заңды фактілерді талдаңыз. Олардың негізінде туындайтын әкімшілік құқықтық қатынастарды құрылымын анықтаңыз.

№ 6 Тапсырма

Өзендердің көктемгі су тасқыны Алматыдағы аудандар мен көшелердің су тасқыны қаупін тудырды. Қалалық әкімдікте су тасқынына қарсы күрес бойынша шұғыл шаралар бойынша шешім қабылданды. Қаланың барлық автокөлік кәсіпорындары арнайы комиссияға бөгеттерді және басқа да су тасқынына қарсы құрылыстарды салу орындарына құрылыс материалдарын тасымалдау үшін белгілі бір көлік құралдарын бөлуге міндетті болды.

Осы тапсырмада көрсетілген заңды фактілерді талдаңыз. Олардың негізінде туындайтын әкімшілік құқықтық қатынастардың құрылымын анықтаңыз. Жоғарыда келтірілген құқықтық фактілердің және олардың негізінде туындайтын әкімшілік-құқықтық қатынастардың сипаттамаларын келтіріңіз.

№ 7 Тапсырма

Әкімшілік құқықтық қатынастардың ерекшеліктері туралы мәселе бойынша «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқығы» тақырыбына арналған семинарда курсант Жандильдинің жауабы келесідей:

- ✓ олар атқарушы және басқа да үкімет салаларының қызметінде пайда болады;
- ✓ әрқашан бұл қатынастар тараптарының бірі - мемлекеттік орган немесе оның лауазымды адам болып келеді;
- ✓ олар қатаң мінезді ұстанады;
- ✓ кез келген тараптың бастамасы бойынша болуы мүмкін;
- ✓ тараптар заңды түрде тең;

✓ әкімшілік-құқықтық қатынастар субъектілерінің құқықтары әкімшілік тәртіпте ғана қорғалады.

Курсант Жандильдиннің жауабын талдаңыз?

№ 8 Тапсырма

Кестені толтырыңыз.

Нормативтік құқықтық актілердің түрлері	Нормативтік құқықтық актілерге қол қойатын тұлға	Қабылдау тәртібі	Басылым көзідері	Заңды күшіне ену мерзімі
Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы				
Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы				
Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің бұйрығы				
Мәслихаттардың нормативтік құқықтық шешімдері, әкімдіктердің нормативтік құқықтық шешімдері				

№ 9 Тапсырма

Кестені толтырыңыз.

Сұрақ	Жауап
Басқару актісінің құқықтық белгілері	
Басқарудың нормативтік құқықтық актілерін қабылдау процесінің кезеңдері	
Нормативтік құқықтық актінің құрылымы	
Нормативтік актіні тоқтату	

негіздері	
Нормативтік құқықтық актінің реквизиттері	

№ 10 Тапсырма

Салыстырмалы талдау кестесін толтырыңыз

Белгілері	Үкімет қаулыс ы	Әкімшілік құқық бұзушылық ісі бойынша соттың үкімі
Кімнің ерік білдіргені?		
Нормативтік немесе жеке?		
Қабылдау (қорытынды) тәртібі құқықтың қандай саласымен реттеледі?		
Заңды күшіне ену мерзімі		
Кімнің алып тастауға құқығы бар?		
Мемлекеттік биліктің қандай түрі болып табылады?		

ТАҚЫРЫП 3: АТҚАРУШЫ БИЛІК ОРГАНДАРЫ ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚТЫҢ СУБЪЕКТІЛЕРІ РЕТІНДЕ

№1 Тапсырма

Атқарушы органдарының құрылымына ұйымдардың қайсысы кіреді?

- «Большевичка» ЖШС әкімшілігі;
- қала әкімдігі;
- қала маслихаты;
- орта мектеп;
- Полиция департаменті;
- облыс әкімдігі;
- Академия басшылығы;
- Ішкі істер министрлігі;
- Әділет министрлігі;
- аудан әкімі.

№2 Тапсырма

Кестені толтырыңыз.

Атқарушы орган	<i>Білім беру тәртібі</i>	<i>Бағыныштылық</i>	<i>Шығарылған актілердің атауы</i>	<i>Басшы кім болып тағайындалады?</i>
Қазақстан Республикасының Үкіметі				
Министрлік				
Облыс әкімдігі				

№3 Тапсырма

ҚР Үкіметінің мүшелерін тағайындау және қызметінен босату тәртібі туралы мәселе бойынша «Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы» пәні бойынша мемлекеттік емтихан тапсырған курсант Каримов ҚР Президент Премьер-Министрдің ұсынысы бойынша Премьер-Министрдің орынбасарларын, Министрлерді және Премьер-Министр Кеңсесінің Басшысын қызметке тағайындайтын және қызметтен босататынын түсіндірді.

Курсант Каримовтың жауабын талдаңыз.

№4 Тапсырма

ҚР-ның «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» 1995

жылдың 18 желтоқсандағы № 2688 Конституциялық заңын зерделеп, ҚР Үкіметінің құрылымын және оны қалыптастыру сыз басын көрсетіңіз.


№5 Тапсырма

ҚР Үкіметінің 2004 жылдың 28 қазандағы қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі туралы» Ережені талдап, келесі кестені толтырыңыз:

ҚР ӘМ-нің негізгі функциялары	ҚР ӘМ-нің негізгі қызметі	ҚР ӘМ-нің қызметін ұйымдастыру

№6 Тапсырма

Кестені толтырыңыз



№7 Тапсырма

Атқарушы биліктің құзыреттілігі туралы сұраққа жауап бере отырып, курсант Жүсіпбеков ҚР Президентінің Әкімшілігін, ҚР Үкіметін, ҚР Әділет министрлігін, ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігін, ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігін, ҚР-ның Ұлттық қауіпсіздік комитетін жалпы құзыреті органдарына қосты. Курсант өзінің жауабын осы органдарымен шығарған нормативтік актілерімен реттелетін ұйымдар барлық әкімшілік-аумақтық бірліктер дебар екендігін түсіндірді.


Курсант Жүсіпбековтың жауабында қандай қателіктер бар? Атқарушы биліктің жалпы құзыретінің белгілі органдарын тізіңіз.

№8 Тапсырма

«Қазақстан Республикасының Президенті туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» нормативтік құқықтық актілерді қарастыру қажет. ҚР Президентінің ҚР Үкіметімен қарым-қатынас жүйесін сызба нұсқа түрінде жасаңыз.

№9 Тапсырма

Кестені толтырыңыз.



№10 Тапсырма

1995 жылғы 18 желтоқсандағы № 2688 «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» ҚР-ның Конституциялық заңын оқып, келесі сұрақтарға жауап беріңіз:

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүшелеріне қандай шектеулер қойылады?
- мұндай шектеулер не үшін қажет?

ТАҚЫРЫП 4: МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚТЫҢ СУБЪЕКТІЛЕРІ РЕТІНДЕ

№1 Тапсырма

Төменде көрсетілген қызметкерлердің қайсысы мемлекеттік қызметкер емес екенін көрсетіңіз:

- маслихат депутаты;
- мемлекеттік мекемедегі экономист;
- Премьер-Министр Кеңсесінің басшысы;
- Білім және ғылым министрлігінің заң кеңесшісі;
- цех бастығы;
- сот орындаушысы;
- ректор;
- құрылыс бригадасының басшысы;
- сот;
- қорғаушы (адвокат);
- сот отырысының хатшысы.

Өз пікіріңізді дәлелдеңіз.

№2 Тапсырма

Мемлекеттік қызметіне кіру кезеңдерін қарастырып, тиісті сызба нұсқасын құрастырыңыз.

№3 Тапсырма

Кестені толтырыңыз.

Мемлекеттік қызметкерлердің құқықтары	Мемлекеттік қызметкерлердің міндеттері	Мемлекеттік қызметіне қатысты шектеулер
		

№4 Тапсырма

Мемлекеттік қызметіндегі азамат Б. Ахметов мемлекеттік құпияны құрайтын ақпаратқа қол жеткізу рәсімінен бас тартты, оның ұлы отбасымен Ресей Федерациясында тұрып жатқаның және жыл сайын оның ұлына баратының, осыған байланысты ҚР-нан шығу тәртібін қиын дататының түсіндірді. Азамат Б. Ахметовтың құжаттарды тіркеуден бас тартуы мемлекеттік қызметтен босатылуына негіз болды. Б. Ахметов

жұмыссыздықты заңсыз деп санап, оның конституциялық құқықтары мен бостандықтарын бұзғаны туралы сотқа жүгінді. Шағым бойынша Б. Ахметов көп жылдан бері мемлекеттік қызметте жұмыс істегенін, үлкен тәжірибе, тамаша беделге ие екендігін және мемлекеттік құпияны құрайтын ақпаратқа кіруге қатысы жоқ өзге қызметте жұмыс істей алатындығына сенеді.

Осы жағдайға құқықтық баға беріңіз. Шағым бойынша қандай шешім қабылдау керек?

№5 Тапсырма

Н-облысының әкімі облыс аумағында ҚР Президентінің кейбір жарлықтарын орындауға тыйым салынған қаулы шығарды.

ҚР-ның Президенті Н-облысының әкімін тәртіптік жауапкершілікке тартып, лауазымынан босата ала ма? Бұл жағдайда әкім отставкаға кете алады ма?

№6 Тапсырма

Кестені толтырыңыз.

Сұрақ	Жауап
Мемлекеттік қызметкерлерге сыйақы түрлері	
Мемлекеттік қызметкерлерге тәртіптік сөгістер	
Мемлекеттік қызметті тоқтатудың әдістері мен негіздері	
Мемлекеттік қызметке кіруге кедергі келтіретін жағдайлар	

№7 Тапсырма

Мемлекеттік қызметті өту тәртібін реттейтін нормативтік-құқықтық актілерді оқып шығыңыз және оларға қандай моральдік-адамгершілік талаптар қойылатынын жазыңыз. Мемлекеттік органның басшысы қандай болуы тиіс?

№8 Тапсырма

Генерал-майор Мұхтаров 60 жасқа толды, оның жасына байланысты оған отставкаға кетуге ұсыныс жасалды. Бірақ, ол баянат беруден бас тартып, қызмет мерзімін тағы бір жылға ұзартуға құқығы бар екенін атап өтті.

Туындаған жағдайға құқықтық баға беріңіз.

№9 Тапсырма

2020 жылдың 15 мамырында Н-облыстық Кедендік бақылау департаментінің маманы Әбілов мас күйінде қызмет атқарды. Әбіловқа бөлім басшысы кедендік бақылау департаментінен жұмыстан босату түріндегі тәртіптік жаза тағайындады. Әбілов ресми тергеу жүргізілмеу себебін негізге алып, сотқа апелляциялық шағыммен бөлім басшысының шешімін заңсыз деп тану үшін жүгінген болатын.

Жағдайға құқықтық баға беріңіз. Судья не істеу қажет?

№10 Тапсырма

Н-облыс әкімінің аппаратын басқарған азамат Нестеров бос уақытында репетиторлықпен айналысты. Облыс әкімі оның бос уақытындағы жұмысын заңсыз деп танып, оны жұмыстан шығаруға шешім қабылдады. Алайда, Нестеров заңға қайшы келмейтінін түсіндірді, себебі мемлекеттік қызметкерлер педагогикалық қызметпен айналысу құқығына ие екенін атап айты.

Жағдайға құқықтық баға беріңіз.


ТАҚЫРЫП 5: ЖЕКЕ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАР

№1 Тапсырма

Кестені толтырыңыз

	Ұқсастықтар	Арасындағы айырмашылықтар
Қазақстан Республикасының азаматтарының әкімшілік-құқықтық мәртебесі		
Шетел азаматтарының әкімшілік-құқықтық мәртебесі		
Азаматтығы жоқ адамдардың әкімшілік-құқықтық мәртебесі		

№2 Тапсырма



№3 Тапсырма

Тұжырымдамаларды анықтамалар мен байланыстырып, оларды сипаттаңыз.

1	Арыз	1	шағымды қарайтын субъектіне немесе лауазымды тұлғаға ұжымдық немесе жеке жазбаша, ауызша немесе электронды құжат
---	------	---	--

			түрінде, бейнеконференция, бейнеқоңырау, ұсыныс, өтінім, шағым, сұрау немесе жауап болып табылады
2	Өтініш	2	адамның заңдарды және өзге де нормативтік құқықтық актілерді, мемлекеттік органдардың қызметін, әлеуметтік қатынастарды дамыту, мемлекет пен қоғамның әлеуметтік-экономикалық және басқа да салаларды жетілдіру бойынша ұсынысы
3	Сұрау	3	адамның мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатына, сондай-ақ қоғамдық сипаттағы оқиғаларға және құбылыстарға деген көзқарасын білдіруі
4	Ұсыныс	4	адамның бұзылған құқықтарын, бостандықтарын немесе өзінен басқа адамдарының заңды мүдделерін қалпына келтіруге немесе қорғауға, мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, заңды тұлғалардың заңсыз әрекеттерін немесе әрекетсіздіктерін болдырмау туралы талабы
5	Жауап	5	адамның өз құқықтары мен бостандықтары, басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруға жәрдемдесу туралы өтініштері немесе заңдар мен өзге де құқықтардың бұзылғаны туралы арыздар, лауазымды тұлғаларды қарастыратын субъектілер жұмысындағы кемшіліктер немесе олардың қызметін сынға алу өтініш
6	Шағым	6	жеке немесе қоғамдық мүдделі мәселелері бойынша ақпарат сұратып алу

№4 Тапсырма

Курсант Сенекин, Әкімшілік құқық пәні семинар сабағында азаматтардың құқықтары мен міндеттері жіктелуінің бірі олардың абсолютті және салыстырмалы түрде бөлінуі болып табылатынын атап, жауап берген. Мысал ретінде ол келесіні көрсетті:

а) абсолюттік ұқықтар мен міндеттер: әскери қызметті өтеу; туу мен өлім фактілерін тіркеу, салық төлеу; 23 сағат өткеннен кейін үнсіздік сақтау; университеттерге оқуға түсу; ақпарат алу; шетелдік паспортын алу; пәтердің бар болуы; митингілер мен ереуілдер өткізу,

шағымдар қабылдау; тегін өзгерту; мемлекеттік құпияларды сақтау; зейнет ақыны алу;

б) салыстырмалы құқықтар мен міндеттер: жалпы орта білім алу; жер телімін алу; өтініштерді беру; кәсіпкерлікпен айналысу; медициналық көмек алу; ұйымның ішкі тәртіп ережелерін сақтау; газет басып шығару; көлік құралын тіркеу; мемлекеттік қызметке кіру; шетелге бару.

Жауапты талдаңыз. Жауабында курсант Сенекиннің қандай қателер бар?

№5 Тапсырма

2020 жылдың 6 айда Н-қаласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтардың саны, 440-бабына сәйкес, «Алкогольді ішімдіктерді ішу немесе ішімдік ішу жағдайында қоғамдық орындарда пайда болуы» бойынша 33% -ға өсті, сондықтан қала тұрғындары техникалық қызмет көрсетуді ұйымдастыру мақсатында қоғамдық тәртіптік бірлестікті құруға шешім қабылдады. Бірінші айдың ішінде тұрғындар әділет органына тіркеу үшін барлық қажетті материалдарды тапсырды. Әділет департаменті, ішкі істер органдарына әкімшілік және қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын-алу және алдын-алу сияқты мақсаттарды қайталайтын жаңа қоғамдық бірлестікті құру мүмкін емес деп шешіп, қоғамдық бірлестікті тіркеуден бас тартты.

Осы жағдайға құқықтық бағаберіңіз.

№6 Тапсырма

Салыстырмалы кестені толтырыңыз

Қоғамдық бірлестіктердің түрлері	Мақсаттары мен міндеттері	Пайдалану қағидалары	Қоғамдық бірлестіктің құқықтары	Ішкі құрылымдары	Қадағалау және бақылау органдары
Саяси партиялар					
Қайырымдылық ұйымдар					
Діни бірлестіктер					
Кәсіподақтар					

№7 Тапсырма

25 жастағы азамат Ивашченкоға, көші-қон қызметінің қызметкерлері 3 жыл бұрыната-анасының АҚШ-қа тұрақты тұрғылықты жеріне кетіп, шетел азаматтығын алғандығына байланысты азаматтықты қалпына келтіруге рұқсат бермеген болатын.

Жағдайға құқықтық бағаберіңіз.

№8 Тапсырма

1996 жылдың 31 мамырдағы № 3-І ҚР-ның «Әлеуметтік бірлестіктер туралы» Заңын талқылау кезінде ҚР-ның Әкімшілік құқық туралы тәжірибелік сабағында кіші топтарда курсантарға жұмыс ұсынылды. Оқытушы әр топқа

- «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру» қоғамдық ұйымын;

- «XXI ғасырдағы білім беру» қоғамдық ұйымын;

- «ЖасТұлпар»қоғамдық ұйымын құруды ұсынды.

ҚР-нда қоғамдық бірлестіктер құрудың құқықтық тетігін ашыңыз. Белгілі бір мысалдар бойынша қоғамдық бірлестіктердің жалпы және айрықша ерекшеліктерін анықтаңыз.

№9 Тапсырма

2020 жылдың 10 қыркүйегінде Қайыржанов өзінің тұрғылықты жері бойынша ішкі істер органына анаулауқаруын алуға рұқсат беру туралы өтінішпен жүгінді. Сол күні полиция бөлімшесіне Қайыржановтың үстіне көршісінен келесідей өтініш түскен болатын. Көршісі 2020 жылдың 9 қыркүйегінде Қайыржановтың пәтерінде таңғы сағат 3-ге дейін әуен ойнап, әндерді қатты шырқағандығын айтып түсіндірді. Өтінішке сәйкес Қайыржановтың үнсіздікті бұзғаны үшін жауапқа тартылуын талап етілуі көзделген болатын. Нәтижесінде Қайыржановқа аңшылық қару сатып алуға рұқсат берілмеді.

Азамат Қайыржановтың өтінішіне бас тартуы заңды ма еді? Бұл жағдайда Қайыржанов не істеу қажет?

№10 Тапсырма

Ерлі-зайыпты Антимоновтар Ресей Федерациясының Челябинск қаласына тұрақты тұруға шешім қабылдады. Барлық қажетті құжаттарды бере отырып, олар шетелдік паспортты алуға өтініш жасады. Төрт айдан кейін ерлі-зайыптылар сотқа жүгінді. Сот Антимоновтардың паспорттарын беруге міндетті болатын қаулы шығарды. Алайда, көші-қон қызметі сот шешімін орындамай, Антимоновтың күйеуіне жол-көлік оқиғасы болған материалдық зиянды

өтеу үшін талап-арызы бойынша жауап беру қажет екенін көрсетті.

Жағдайға құқықтық баға беріңіз. Тараптардың іс-әрекеттерінің заңдылығын бағалаңыз.

ТАҚЫРЫП 6-8: ӘКІМШІЛІК МӘЖБҮРЛЕУ. ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРТІП

№1 Тапсырма

Атқарушы билік органдары мен лауазымды тұлғалар келесідей әкімшілік әрекеттерді жасады:

1. ЖПҚ басшысы тыныштықты бұзғаны үшін азамат Ильясовқа әкімшілік жаза тағайындады (ҚР ӘҚБЖ 437-бабы).

2. Тергеуші бірнеше рет шақырту парағын жолдағанымен, куәгер келмеген болатын, сол себептен, тергеуші қылмыстық іс бойынша куәгерді алып келу туралы қаулы шығарған болатын.

3. Участкелік полиция инспекторы іздестірулі тұлғаға ұқсас азаматтан құжаттарды көрсетуге талап еткен болатын, бірақ ешқандай құжат болмауы себебінен оны участкелік бөлімге апарған болатын. Бір сағат өткен соң азаматтың жеке тұлғаның анықтағаннан кейін, одан кешірім сұрап жіберілген болатын.

4. Полиция басқармасының кезекші тергеушісі кинотеатрдің жанындағы адамдардың мазасын алып тұрған, балағат сөйлеген және полиция қызметкерлеріне қарсылық көрсеткен азаматты уақытша ұстау изоляторына қамады.

5. Қаланың орталық алаңында рұқсат етілмеген митингті тоқтату үшін полиция қызметкерлері арнайы құралдарды пайдаланды.

6. Н-облысының әкімдігі қаланың кейбір көшелерінде автокөліктердің бір жақты қозғалысын орнатты.

Жоғарыда аталған әрекеттердің қайсысы әкімшілік мәжбүрлеу шараларына және олардың қай түрлеріне жатады? Жауап беру кезінде нормативтік құқықтық актілердің ережелерін сілтемелеріне назар аударыңыз.

№2 Тапсырма

Салыстырмалы кестені толтырыңыз

	Жеткізу	Ұстау	Әкелу	Жеке шолу
Нақты негіздері				
ҚР ӘҚБЖ бабы				
Мерзімі				
Процедуралық тіркеуі				

№3 Тапсырма

Әкімшілік құқық бойынша семинар сабағында жауап берген Иванов әкімшілік шектеулерге келесі мысалдарды келтірді: жеке адамда орналасқан, заттар мен құжаттарды алу; затты тәркілеу; физикалық күшпен арнайы құралдарды пайдалану; ҚР-нан әкімшілік шығару; жеке қарау; мәжбүрлеп емдеу; әкімшілік қадағалауды орнату; оқу орнынан шығару; жолдың жекелеген учаскелерінде қозғалысқа тыйым салу; төтенше жағдайды енгізу; әкімшілік қамау; әкелу.

Курсант Ивановтың жауабында қандай қателіктер бар? Жоғарыда көрсетілген шараларды талдаңыз.

№4 Тапсырма

Н-қаласында әкім жер сілкінісіне байланысты төтенше жағдай енгізді. Бұйрыққа сәйкес, күн сайын сағат 22.00-ден таңертеңгі сағат 6.00-ге дейін барлық көлік құралдарын тексеру, сондай-ақ арнайы рұқсат парағы жоқ көлік құралдарына қалаға кіру және шығу тыйым салынды.

Әкімнің осындай бұйрық шығаруға құқығы бар ма? Еңгізілген шектеулер қандай әкімшілік мәжбүрлеу топтарына жатады?

№5 Тапсырма

АПБ-нің бастығы азамат Мухинді ұсақ бұзақылық жасағаны үшін 10 тәуліктік әкімшілік қамауға алды (ҚР ӘҚБЖ 434-бабы).

АПБ-нің бастығының әрекеті заңды ма?

№6 Тапсырма

Азамат Қасымов «Азия» сауда үйінің жанында темекі өнімдерін сатқан. Әкімшілік құқықбұзушылық туралы хаттама толтыру үшін УПИ қызметкерінің жеке куәлікті көрсету туралы талабына жауап ретінде, ол құжаттарды үйде қалдырып кеткені туралы айтты. Оның жеке басын куәландыратын құжаттары болған жоқ. Учаскелік инспектормен әңгімелесу барысында Қасымов жасырынып қалу әрекетін жасамақ болды, бірақ ұсталынып, оның жеке басын анықтау мақсатында полиция бөліміне жеткізіліп, 5 сағат сол жерде ұсталған болатын.

Қасымовқа қандай әкімшілік мәжбүрлеу шарасы қолданылды? Учаскелік полиция инспекторының әрекеті заңды ма?

№7 Тапсырма

Аудандық сот «Ұсақ бұзақылық» 434-бабы бойынша азамат Самойловқа 7 АЕК түрінде әкімшілік айыппұл салған болатын. 3 ай өткен соң азамат Самойлов сот шешімін орындамаған соң, сот оған 10

тәуліктік қамау түріндегі әкімшілік қамау шарасын қолдануға шешім қабылдады.

Соттың іс-әрекеті заңды ма?

№8 Тапсырма

Салыстырмалы кестені толтырыңыз

	Құқықтық негіз	Қолданудың мақсаты	Пайдалану шарттары	Кімге қатысты қолдануға тыйым салынады
Арнайы құралдар				
Физикалық күш				
Атыс қаруы				

№9 Тапсырма

Төмендегі кестенің тиісті бағандарында келесі бұл тартпау шараларын жазыңыз: жеткізу; әкімшілік қамау; физикалық күш қолдану; қарау; мүлікті қамау; медициналық тексеру; әкелу; қозғалыс бостандығын шектеу; атыс қаруын қолдану; алкоголизмнен мәжбүрлі түрде емдеу; құжаттарды тексеру; заңсыз құрылымды мәжбүрлеп бұзу; көлік құралының жұмысына тыйым салу.

Арнайы алдын алу шаралары	Жалпы алдын алу шаралары	Процессуалдық алдын алу шаралары
---------------------------	--------------------------	----------------------------------

№10 Тапсырма

Келесі мәжбүрлеу шараларын талдап, олардың қандай әкімшілік мәжбүрлеу шараларына қатысты екенін түсіндіріңіз:

- аудандық сот бір адамнан басқа адамның пайдасына келтірген зиян мөлшерін өндіріп алған;
- ИБ-нің қызметкерлерімен қылмыстық құқықбұзушылық жасаған күдікті тұлға ұсталды;
- көлік полиция қызметкерлері әуе кемесінің жолаушыларының қол жүгін және багажын тексерді;
- ұйым басшысы жұмыс орынға мас күйде келген жұмысшыны жұмыстан шығарып жіберді.

ТАҚЫРЫП 9: ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

№1 Тапсырма

Әкімшілік құқық бұзушылықтың мәнін анықтау барысында келесі сұрақтарға заңды негізде жауап беріңіз:

- уақыт пен орын белгілері әр дайым маңыздыма?
- әкімшілік құқықбұзушылықтың құрамының бәсекелестік ұғымы бар ма?
- әкімшілік құқық бұзушылық құрамының тұрақты және тұрақсыз белгілерінің арасындағы айырмашылық қандай?

№2 Тапсырма

Салыстырмалы кестені толтырыңыз

Айырмашылық критерийлері	құқық бұзушылық түрлері		
	әкімшілік құқық бұзушылықтар	тәртіптік құқық бұзушылықтар	қылмыстық құқық бұзушылықтар
нормативтік құқықтық база			
Белгілері			
құқықтық жауапкершілік шаралары			
субъектілер, істерді шешуге өкілеттігі бар тұлға			

№3 Тапсырма

Келесі әкімшілік құқық бұзушылықтардың объектілерін анықтаңыз:

- Иттер мен мысықтарды асырау және серуендету қағидаларын, қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою қағидаларын бұзу.
- Жабайы сораны жоюға шара қолданбау.
- Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды өткізудің және (немесе) медициналық емес тұрғыдан тұтынудың жолын кесуге шаралар қолданбау.
- Ұсақ бұзақылық.
- Тыныштықты бұзу.

- Алкогольдік ішімдіктерді ішу немесе қоғамдық орындарға масан күйде келу.

№4 Тапсырма

17-жасар азамат К. орта білім беру мекемесін аяқтағанан кейін ҚР ІІМ-нің ішкі әскер институтына оқуға түсті. Қысқы демалыс уақытында азамат К. бауыры азамат Н. мен кездесті, кейін үй ауласында орналасқан балалар аланқайында сыра ішкен болатын, нәтижесінде жергілікті полиция қызметкерлерімен ұстаған болатын. Қалалық ЖПҚ бастығы жоғарыда көрсетілген құқық бұзушылықты қарастырып азамат К-ға әкімшілік айыппұл түрінде жазалаған болатын. Азамат К-ның әскери институттын курсанты екендігін айтқан кезде, ЖПҚ-нің бастығы ҚР ӘҚБЖ 32-бабына сәйкес ол азамат К-ның демалыс уақытында жүргенің және жауапкершілікке жалпы негіздер бойынша тартылатының атап өтті.

ЖПҚ-нің бастығының іс әрекеті заңды ма? Азамат К-ның және Н-ның іс әрекеті қалай сипаттау қажет?

№5 Тапсырма

Келесі ҚР ӘҚБЖ кодексінің арнайы бөлім нормаларын талдап, бес мысал келтіріп жазыңыз:

- әкімшілік құқық бұзушылықтардың формальдық және материалдық құрамдарына;
- әкімшілік құқық бұзушылықтың материалдық және формальдық құрамын ашыңыз;
- әкімшілік құқық бұзушылықтардың материалдық және формальды құрамының объективті жағының міндетті сипаттамаларын көрсетіңіз.

№6 Тапсырма

2020 жылдың 14 наурызда азамат Елеусов ұсақ бұзақылық жасағаны үшін ҚР ӘҚБЖ 434-бабына сәйкес ұсталған болатын. Келесі күні ПБ-ның бастығы істі сотқа жіберді. 2020 жыдың 16 наурызда сағат 10:00-де сот азамат Елеусовты 10 тәуліктік әкімшілік қамауға алу туралы шешім қабылдады.

Азамат Елеусовты қай мерзімде босату қажет?

№7 Тапсырма

ПП қызметкерлері «Мохито» жағасындағы ерлі-зайыптылардың қағазды және де басқа қоқыстарды қалдырып кетіп бара жатқаның көріп, ерлі-зайыптылардға қоқысты алып тастауын өтінген болатын.

Ерлі-зайыптылар ештеңе естімеген кейіпін танытып, жағажайдан шығу жолына бағытталған болатын.

Олардың әрекеттерінде әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар ма? Жауабыңызды дәлелдеңіз.

№8 Тапсырма

Жаяу патрульмен Абай көшесінің 20 үй ауласынның балалар алақайында жасөспірімдер ересектермен бірге ішімдік ішіп отырғаны анықталды.

Жағдайға құқықтық баға беріңіз. Полиция қызметкерлерінің іс-әрекеттерінің алгоритімін құрастырыңыз.

№9 Тапсырма

Келесідей жолмен жасалатын әкімшілік құқық бұзушылықтардың бес мысалын келтіріңіз:

- тек әрекет арқылы;
- тек әрекетсіздік арқылы;
- әрекет және әрекетсіздік арқылы.

№10 Тапсырма

Келесі міндетті белгілері бар әкімшілік құқық бұзушылықтардың бес мысалын келтіріңіз:

- құқық бұзушылық жасалу орыны;
- құқық бұзушылық жасалу уақыты;
- құқық бұзушылық жасалу тәсілі;
- құқық бұзушылық жасалу құралы.

ТАҚЫРЫП 10: ӘКІМШІЛІК ТӨЛЕУ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК- ҚҰҚЫҚТЫҚ ӘСЕР ЕТУДІҢ ШАРАЛАРЫ

№1 Тапсырма

Ұсынылған әкімшілік сөгіс түрлерін қандай сипаттамаларға жатқызуға және дұрыс болатының көрсетіңіз:

- Салынатын әкімшілік айыппұлдың мөлшері аспауы қажет:
 - Азаматтар үшін 25 – 30 - 200 АЕК (дұрыс жауапта көрсетіңіз);
 - Лауазымды тұлғалар үшін – 40 – 50 - 750 АЕК
 - Орта бизнес үшін субъектілері үшін – 500 – 1000 - 1500 АЕК.
- арнайы құқықтан айыру мерзіміне қолданылады:
 - 15-күннен 2-жылға дейін;
 - 1-айдан 2-жылға дейін;
 - 2-айдан 3-жылға дейін.
- әкімшілік қамаққа алу мерзімі белгіленеді:
 - 30-тәулікке дейін
 - 48-тәулікке дейін
 - 15-тәулікке дейін.

№2 Тапсырма

ҚР ӘҚБЖ жалпы бөлім нормаларын талдап келесі сұрақтарға дұрыс жауаптар беріңіз:

- әкімшілік жаза тағайындау кезінде нені ескеру қажет?
- бірнеше әкімшілік құқық бұзушылық үшін әкімшілік жазалау шарасын қолданудың құқықтық механизмі қандай?;
- қандай мерзім ішінде әкімшілік айыппұл салынады, қандай мерзім ішінде орындауға жатады.

№3 Тапсырма

Төмендегі шаралардың қайсысы әкімшілік жазалау шарасы болып табылатынын және қандай топқа жататының анықтаңыз (негізгі немесе қосымша):

- әкімшілік қамауға алу;
- жұмысты тоқтата тұру;
- жұмыстан босату;
- арнайы құқықтан айыру;
- жоғарғы оқу орынынан босату;
- әкелу;
- заты тәркілеу;

- ескерту;
- банк есеп шотына шектеу қою;
- қоғамдық жұмыстар;
- ҚР аумағынан әкімшілік шектету;
- ұстау;
- заңсыз тұрғызылған ғимаратты мәжбүрлеп бұзу.

№4 Тапсырма

ҚР ӘҚБЖ нормаларын талдап әкімшілік жазалау шарасына сипаттамасын беріңіз:

- заңды шектеулердің сипаты бойынша;
- қолдану тәртібі бойынша;
- субъектілердің ерекшеліктерін ескере отырып, әкімшілік жазалар қолданылады;
- ықпал ету уақыты бойынша;
- заңды маңыздылығы бойынша.

№5 Тапсырма

Патрульдік полиция инспекторы сержант Исаков азамат Игнатьевқа қатысты көшеден белгіленбеген жерден өткені үшін әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырған болатын. Игнатьев болса оған салынған әкімшілік айыппұлды төлеуден бас тарттып, 6697 әскери бөлімшеде қызмет етіп жүргенің және қазіргі уақытта демалыста жүргенің сол себепті әкімшілік айыппұл түріндегі жазалау шарасы қолданылмайтының атап өтті. Патрульдік полиция инспекторы Исаков оған қарсы шығып азамат Игнатьевтың қазіргі уақытта әскери қызметті атқарып жүрмегенің және жол жүру ережесіне оның айтқандарының қатысы жоқтығын айтты.

Жағдайға құқықтық баға беріңіз. Жауабыңызды дәлелдеңіз.

№6 Тапсырма

2020 жылдың 15 тамызда азамат Нестеренко 434-бапта көрсетілген «Ұсақ бұзақылық» әкімшілік құқық бұзушылық жасаған болатын. 2020 жылдың 10 тамызда онымен осыған іспеттес құқық бұзушылық жасалған болатын. 2020 жылдың 20 тамызда іс әкімшілік істер бойынша мамандандырылған аудан аралық сотқа жолданған болатын. Істі қарастырушы судья ауырлататын мән-жай ретінде бұл құқық бұзушылықтың бұрын жасалғаның ескеріп сол күні әкімшілік қамау туралы жазалау шарасын қолдану туралы шешім шығарған болатын. Бірақ, азамат Нестеренко, іс бойынша шешімге шағымданып бұрын

жасалған құқық бұзушылықтың бір жыл бұрын жасалғандығын атап өтті.

Жағдайға құқықтық талдау жасаңыз. Бұл жағдайда кімдікі дұрыс?

№7 Тапсырма

Азамат Ахметов мемлекеттік техникалық байқаудан өтпеген көлік құралын тізгіндеп бағдаршамның қызыл белгісіне өтіп кеткен болатын, нәтижесінде патрульдік полиция инспекторы сержант Алиевпен тоқтатылған болатын. Полиция қызметкері әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырып оны сотқа жолдады.

Азамат Ахметовқа қатысты қандай нормалар бойынша және қандай әкімшілік жазалау шарасы қолданылады?

№8 Тапсырма

Учаскелік полиция инспекторы лейтенант Абилов әкімшілік участкені қарау барысында үй ауласының балалар алаңайында ауыздықсыз ротвейлер тұқымды итті серуендетіп жүрген азаматты анықтаған болатын.

Туындаған жағдайды талдаңыз. Әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар ма? Учаскелік полиция инспекторының іс-әрекет алгоритмін атап өтіңіз.

№9 Тапсырма

№16 орта мектепті аяқтаған Смайлов А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетке түсу туралы қабылдау комиссиясына қажетті құжаттарды тапсырған болатын. Қабылдау емтиханнан өтіп, ректор бұйрығымен студент атанған болатын. 4 жыл өткеннен кейін Смалов жоғарғы оқу орының аяқтап, «аудармашы» маманы танылып диплом берілген болатын. Кейін Смайлов тұрмыс құрдып ұлы дүниеге келеген және ұлының есімін Асқар атады. Бір неше жыл мемлекеттік қызметте жұмыс атқарғаннан кейін оны бөлім бастығы етіп тағайындады.

Смайлов тұрақты субъект болып табылатын құқықтық фактілер мен құқықтық қатынастарды талдаңыз. Олардың қайсысы әкімшілік-құқықтық қатынастар болып табылады?

№10 Тапсырма

Қостанай облысы бойынша сайлау комиссия мүшесі Мухтаров сайлау участкесіне келген азамат Сериковқа өзінің, жұбайының және 2-

кі кәмелет жасқа толмаған балаларының атынан сайлау үшін бір неше түбіртек берген болатын.

Мухтаровтың іс-әрекеті әкімшілік құқық бұзушылық құрамын құрайдыма? Егер құрайтын болса Мухтаровтың іс-әрекеті қандай органмен қаралады және қандай жазалау шарасы қолданылады?

**ТАҚЫРЫП 11: ТҰЛҒАНЫҢ ЖӘНЕ КӘМЕЛЕТКЕ
ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫНА, КӘСІПКЕРЛІКТЕГІ
МЕНШІККЕ, САУДАҒА ЖӘНЕ ҚАРАЖАТҚА ҚОЛ СҰҒАТЫН
ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР. ЖОЛ
ШАУАШЫЛЫҒЫ КӨЛІГІНДЕГІ ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ
БҰЗУШЫЛЫҚ**

№1 Тапсырма

«Назар аударыңыз – балалар!» атты алдын алу шарасы кезінде 9 қабатты тұрғын үйдің шатырында төрт жасөспірім табылған болатын: сыра ішіп отырған 14-жасар И. және П., 15-жасар С. және 16-жастағы Н. Алкогольді ішімдік ішкен кезде олар тыныштықты сақтады, үйдің тұрғындарынан оларға қатысты ешқандай шағымдар келіп түскен жоқ. ПБ-нің кезекші бөлімінде жасөспірімдерді ҚР ӘҚБЖ заңнамасының 440-бабы 1-бөлігі бойынша әкімшілік жауапкершілікке тарту туралы шешім қабылданды.

Бұл шешім заңды болып табылады ма?

№2 Тапсырма

Учаскелік полиция инспекторы капитан Абаевқа азаматша Хамитова бұрын сотталған азамат Избасаровтың үйінде кәмелет жасқа толмаған баларды жинап ішімдік ішетінін, баспалдақ аланында қоқыс, темекі қалдықтары жататыны және бұл көпшілік қатты шулайды, түнгі тынығу уақытын бұзып үй тұрғындарының мазасын алатыны туралы айқын болатын.

Азамат Избасаровтың және кәмелетке толмағандардың іс-әрекетіне баға беріңіз. Учаскелік полиция инспекторы Абаевтың іс-әрекет алгоритмін құрастырыңыз.

№3 Тапсырма

21 шілде 2020 жылы Алтынсарин АПБ УПИ полиция аға лейтенанты Ахметовке аз. А. Ильясова жүгінген болатын, оның жұбайы аз. Г. Ильясов 2020 ж. 20 шілде күні сағат 23.00 шамасында ішімдік ішіп мас күйінде үйіне кіріп, оның атына былапыт сөздер айтқан.

Қалыптасқан жағдайға заңдық талдау беріңіз. Аз. Г.Ильясов іс-әрекеттерінде әкімшілік құқық бұзушылық құрамы бар ма? Тараптардың татуласуына байланысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі тоқтату мүмкін бе?

№4 Тапсырма

Қалалық ЖПҚ-нің бастығы жүргізуші Ильясовты мас күйде көлікті тізгіндегені үшін 2-жылға көлікті тізгіндеу құқығынан айырып және 20 АЕК түрінде әкімшілік жазалау шарасын қолданған болатын.

Бұл шешім заңға сәйкес пе? Жауабыңызды дәлелдеңіз.

№5 Тапсырма

Азамат Кириллов теміржол өткелінен шлагбаум жабылу сәтінде жүріп өткен болатын арқылы. ПП қызметкерлері әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырған болатын. Бірақ, Кириллов кінәсін мойындамай хаттамаға қол қоюдан бас тартқан болатын. Әкімшілік істер бойынша мамандандырылған ауданаралық сотта істі қарастыру кезінде судья оны кінәлі деп шешім қабылдады. Дегенмен, Кириллов өзін кінәлі деп есептемейді және бұл іс бойынша шешімімен келіспейді.

Бұл сәтте әкімшілік құқық бұзушылық орын алған ба? Әкімшілік жауапкершіліктен босату үшін негіз ретінде хаттамаға қол қоюдан бас тартуға болады ма? Әкімшілік жауапкершілікке тартылады ма? Кирилловтың бұдан кейінгі іс-әрекеті қандай болуы керек?

№6 Тапсырма

Қарабалық ауылындағы «Рубеж» бақылау бекетінде патрульдік полиция сержанті Ахметов Қостанай қаласынаң келе жатқан «КАМАЗ» жүргізушісі азамат Смирновты тоқтатқан болатын. Құжаттарды тексеру барысында Ахметов көлік жүргізушінің көзі қызарып тұрғанын және аяқ қолдарын сенімсіз қозғалтқанын байқады. Ол азамат Смирновқа мас күйін анықтау үшін медициналық орталыққа баруға ұсынды. Бірақ Смирнов жай ғана қатты шаршағанын және көлікті гаражға қою қажеттігін айттып, ұсыныстан бас тартқан болатын. Осы сәтте Ахметов оны көлік жүргізуден шектеп, көлікті тұраққа қойып, ҚРӘҚБЖ көрсетілген әкімшілік құқықбұзушылық туралы хаттама толтырды.

Патрульді полиция қызметкерінің іс-әрекеті құқыққа сай ма?

№7 Тапсырма

2020 жылдың 21 тамыз күні Абай даңғылы мен Тәуілсіздік көше қиылысында жол-көліктік оқиғасы орын алды, көлік жүргізушінің біреуі мас күйде екені анықталды. Ол жүргізуші Н-қаласының прокуроры болып шықты.

Полиция қызметкерлерінің іс-әрекет алгоритмді құрастырыңыз. Прокурор әкімшілік жауапкершілікке тартылады ма?

№8 Тапсырма

Носов, мас күйде өз үйінде дау-жанжал шығарды, әйелін ұрып соғып, оның жеке заттарын пышақпен бүлдірген болатын. Оқиға орынға учаскелік полиция қызметкері келгенде, Носов есікті ашудан бас тартты және ол есікті ашуға пәтерге басып кіруге әрекеттенсе өзіне қол жұмсайтынын айтты.

Жағдайға құқықтық баға беріңіз. Носов қандай жауапкершілікке тартылады? Мүмкін болатын әкімшілік сөгіс түрін көрсетіңіз.

№9 Тапсырма

2020 жылдың 6 қаңтарында 22 сағат 30 минут шамасында "Түнгі қаладағы балалар" жедел-алдын алу іс-шарасын өткізу барысында Әулікөл АПБ КТІЖ УПИ полиция лейтенанты А. Серікова "Арбат" ойын-сауық мекемесінде 2004 жылы 14 ақпанда туған Б. және 2003 жылы 1 қазанда туған С. заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз байқалған болатын.

Қалыптасқан жағдайға талдау беріңіз. Құқық бұзушылықты анықтаңыз. КТІЖ УПИ А. Серикованың іс-әрекет алгоритімін баяндаңыз.

№10 Тапсырма

Азамат Кусаин сағат 02.00 шамасында Toyota Camry 70 маркалы автокөлікпен желе жатып, жаяу жүргіншіде жолаушыны қағып кеткен, осымен ҚР ӘҚБЖК 610-бабының 1-бөлігінде көзделген құқықбұзушылықты жасаған болатын. Кусаин ЖКО туралы полицияға хабарлап, жәбірленушіні емханаға жеткізіп, оның емделуін төлеген болатын. Оқиғадан кейін жеті күн өткен соң, Кусаин жұмыс сапарымен кетіп, төрт айдан кейін қайтып келген. Кусаиннің таныс заңгерлері оған құқықбұзушылықтың мерзімі өтіп кеткенің және ол енді жауапкершілікке тартылмайтыны туралы айтқан болатын.

Заңгердің айтқанымен келісесіз бе? Әкімшілік жауапкершілікке тартылу мерзімін атаңыз. Кусаиннің іс-әрекетінде жауапкершілікті жеңілдететін мән-жайлар барма?

№11 Тапсырма

Қостанай қаласының №16 мектептің 10-сынып оқушылары Тимофеев және Кравцов, геометрия сабағынан бақылау жұмысын жазудан жалтару мақсатында, полицияға концерттік бағдарлама өтіп жатқан акт залында ұйымдастырылып отырған жарылыс туралы жалған мәлімдеме жасаған болатын.

Тимофеев және Кравцов өз іс-әрекеттері үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылады ма?

№12 Тапсырма

Әскери қызметші Ахметов досының тойынан өз жеке көлігімен келе жатқан кезде патрульдік полиция қызметкерлерімен «Мас жүргізуші» адын алу іс-шарасы бойынша тоқтатылған болатын. ПП қызметкері Ахметовқа оның мас екенің айтып ҚР ӘҚБЖК 6088-бабы 1-бөлігі бойынша әкімшілік құқық бұзушылық жасады деп, жүргізуші куәлігінен және көлікті жүргізу құқығынан айырып, автокөлігі «айып тұрағына» қойылған болатын. Кейін Ахметовке оның Н-қаласының ЖПҚ-не әкімшілік құқықбұзушылық бойынша мән-жайды анықтау үшін жолығуын айтқан болатын.

Жағдайды талдаңыз. ПП қызметкерінің іс әрекеті заңды ма?

**ТАҚЫРЫП 12-14: ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ,
ҚОҒАМДЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІККЕ ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫҢ
ДЕНСАУЛЫҒЫНА, ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІБІНЕ ЖӘНЕ
АДАМГЕРШІЛІККЕ ҚОЛ СУҒАТЫН ТАБИҒАТ РЕСУРСТАРЫН
ҚОЛДАНУ САЛАДАҒЫ ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ
БҰЗУШЫЛЫҚТАР. ҚР МЕМЛЕКЕТТІК ШЕКАРАСЫН, ҚР
АУМАҒЫНДА БОЛУ ТӘРТІБІН, МЕМЛЕКЕТТІК БИЛІК
ИНСТИТУТЫН БҰЗАТЫН ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ
БҰЗУШЫЛЫҚТАР. ӘКІМШІЛІК ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ
БҰЗУШЫЛЫҚТАР**

№1 Тапсырма

Учаскелік полиция инспекторы капитан Ильманов Смайловқа «қоғамдық орында балағат сөз сөйлегені үшін» әкімшілік айыппұл салған болатын. Азамат Смайлов қаулымен келіспей, оған салынған айыппұл мөлшері заңмен көрсетілген мөлшерден асып түсетінін себепке алып, ЖПҚ бастығына туралы шағымданған болатын.

Екі жақтың әрекеттері заңды ма? Әкімшілік шағым жасау тәртібі және оның құқықтық салдары қандай?

№2 Тапсырма

2020 жыдың 22 қаңтарында сағат 14.20 полиция қызметкерлері дуалға бояғыш заттармен балағат сөздерді жазып жатқан екі жасөспірімдерді анықтаған болатын. Ұстау кезінде жасөспірімдер өздері және ата-аналары туралы мәлімет беруден бас тартты.

Жағдайға құқықтық баға беріңіз. Полиция қызметкерлерінің іс-әрекет алгоритмді құрастырыңыз.

№3 Тапсырма

4 наурыз күні Ішкі Істер бөлім бастығының орынбасары ұсақ бұзақылық жасаған үшін азамат Думановқа айыппұл салып әкімшілік құқықбұзушылық туралы қаулы шығарды. Азамат Думанов қаулы шешімімен келіспей 16 наурыз күні өз абырой намысын қорғау үшін сотқа шағымданған болатын. Судья азамат Думанов заңмен көрсетілген мерзім ішінде шағымдану уақытын өткізіп алған себебін басымдыққа алып, шағымды қабылдаудан бас тартты. Ал Думанов болса, қауыл көшірмесін 7 наурыз күні алғанның айтып, шағымды уақыттылы бергенін атап өтті.

Осы туындаған мәселе бойынша құқықтық баға беріңіз.

№4 Тапсырма

2020 жыл 10 қазанда Н-қаласының ЖПҚ бастығы әкімшілік құқықбұзушылық ісі бойынша азамат Смирновқа тыныштықты бұзғаны үшін айыппұл салу туралы қаулы шығарған болатын. Азамат Смирнов қаулымен келіспей, 2020 жылдың 26 қазан күні сотқа шағымданған болатын. Судья шағымды қарастырудан бас тартты.

Жағдайды талдаңыз. Судьяның іс-әрекеті заңды ма?

№5 Тапсырма

2020 жылдың 10 сәуірінде сағат 13.00 шамасында УПИ әкімшілік учаскесін аралап, Хромтау қаласы Әуезов көшесі № 1 үйдің екінші қабатында полиция капитаны Б. Иманов, азамат А. Хасеновты мас күйінде байқады.

Құқық бұзушылықты анықтаңыз. УПИ Б.Имановтың іс-әрекеттерінің алгоритмін баяндаңыз. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі кім қарайды?

№6 Тапсырма

Азамат Русанов туған күнінен келе жатып, балалар ауласында арақ ішкен болатын. Түнгі сағат 03:00-де ол мас күйде шулап, қатты сықырып, жағымсыз ән айтып, ал азаматтардың ескертулеріне балағат сөздермен жауап берген болатын.

Азамат Русанов қандай әкімшілік құқықбұзушылық түрін бұзды? Русановтың әрекеттерінің объективтік жағының нысандарын анықтаңыз.

№7 Тапсырма

Азамат Калиев учаскелік полиция инспекторы аға лейтенант Ибраевқа көршісі Ивановқа шағымданған болатын. Шағым бойынша көршісі түнгі уақытта қатты әуен қосады, осылайша демалыс уақытын бұзады.

Азамат Ивановтың іс-әрекетінде әкімшілік құқықбұзушылық белгілері бар ма? Учаскелік полиция инспекторының іс-әрекеті қандай болу керек? Азаматтардың құқықбұзушылық туралы арыздарының тіркеу реті қандай?

№8 Тапсырма

Азамат Бочкарев, мас күйде қоғымдық көліктің аялдамасында қасындағы азаматтардың мазасын алып, балағат сөздер айтқан болатын.

